



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС
педагогикалық кеңестің кезекті
отырысы өткізілді.

01

**«ОБЛЫСТЫҢ ҮЗДІК МЕЙІРГЕРІ-
2025»
КӘСІБИ БАЙҚАУ**

02

**«МЕДБИКЕ МЕРЕЙЛІ
МАМАНДЫҚ»**
Мерекелік құттықтау.

03

КЕЗДЕСУ
Мейіргер саласының ардагерлерімен
кездесу өткізілді.

04

ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫ
Үйірме жұмысының кезекті отырысы
өткізілді.

05

**ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫ ҒЫЛЫМИ-
ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

06

ТӘРБИЕ САҒАТЫ
Колледжде өткізілген тәрбие
жұмыстары.

07

«MEDSKILLS ZHAMBYL – 2025»
Облыстық кәсіби шеберлік
чемпионаты өткізілді.

08

ҚҰТТЫҚТАУ!
Колледж оқытушылары мен
студенттердің жетістігі.

09

7 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ



16.05.2025 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Отбасы» құндылық бағыты бойынша «Ата-ананың тәрбиесі – бала мінезінің іргетасы» атты ата-аналармен семинар-тренинг өткізілді.

Кездесу барысында отбасы құндылықтары туралы, бала тәрбиесінде тиімді әдіс-тәсілдермен бөлісіп, ата-аналарды жауапкершілікке, саналы тәрбие беруге бағыттау бойынша тренинг – кеңес беріліп, ата-ананың назарына заманға сай болуы туралы баяндама оқылды және тақырыптық бейнефильмдер көрсетіліп, бірге ата-аналармен талқылап және өз ой пікірлерін ортаға салып, жаңаша форматта ата-аналар жиналысы өтті. Жауапты: әлеуметтік педагог Буксукбаева А.А., Сүйінбекұлы К.

16.05.2025 ж. «Балауса» қыздар клубының ұйымдастыруымен «Ақылды қыз білімге жүгінер, ақылсыз қыз сөзге ілінер» тақырыбында сырласу өтті. Сырласу ЖДО «Жастар» орталығында болды. Онда акушер-гинеколог, психолог және эпидемиолог дәрігерлер дұрыс отбасын жоспарлауды туралы өз ақыл-кеңестерін берді. Жауапты: Мұхамедиева Н.Е.



30.05.2025ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Лабораториялық диагностика» бөлімі, 128 ЗД-9/24, 335 ЗД-9/22 топтарымен 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай «Тарихқа тағзым – келер ұрпаққа аманат» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу арқылы өскелең ұрпақтың тарихи санасын ояту, өткенге тағзым ете отырып, тәуелсіздіктің қадірін ұғындыру. Қазақ халқының басынан өткен ауыр зұлмат жылдарды ұмытпай, жазықсыз жапа шеккен азаматтардың рухына құрмет көрсетіп, олардың ерлігі мен ұлт алдындағы адалдығын ұрпаққа үлгі ету. Жауаптылар: Бөлім меңгерушісі: Уркимбаева Д.Б. Топ кураторы: Асанова Ұ.Х.

I дәрежелі диплом – «Милосердие» үйірме мүшелері: Кемелбек Ж. Болатханқызы Ш. 209 топ студенттері. Жетекшісі: Бейсенбек Ш.Ж.

II дәрежелі диплом – «Скальпель» үйірме мүшесі: Марат А. 305 топ студенті. Жетекшісі: Даулетов А.М.

III дәрежелі диплом – «Инфекционист» үйірме мүшелері: Бекмұханбетова А. Жарылқасын А. 316 топ студенттері. Жетекшісі: Блейменова Б.Б.

IV дәрежелі диплом – «Флора» үйірме мүшесі: Махмудова Х. 235 топ студенті. Жетекшісі: Нурбаева Р.Т.

V дәрежелі диплом – «Балдырған» үйірме мүшелері: Көбен Н. Жубатқанов А. Елемес З. Ізтілеу М. 301 топ студенттері. Жетекшісі: Джантасова Р.У.

VI дәрежелі диплом – «Жас алаш» үйірме мүшелері: Жанат Ж. Алтайұлы А. 102 топ студенттері. Жетекшісі: Иманалиева Г.Ж.

VII дәрежелі диплом – «Адал жандар» үйірме мүшесі: Сұлтан Ж. 209 топ студенті. Жетекшісі: Тлеуова М.К.

VIII дәрежелі диплом – «Галилео» үйірме мүшелері: Байдос Н. Махамбеталиева С. 107 топ студенттері. Жетекшісі: Чинасилова К.О.

Номинация иегерлері:

1. «Рефлекс»: – «Ғылыми ой танытқаны үшін» номинациясы, үйірме мүшелері: Асанбек Н. Халмұханбет Қ. 222 топ студенттері. Жетекшісі: Мурат Д.Т.

2. «Нозология»: – «Жақсы шығармашылығы үшін» номинациясы, үйірме мүшесі: Амангелдина С. 222 топ студенті. Жетекшісі: Септесін Г.К.

«Жас химик»: – «Ғылыми іздемпаздылығы үшін» номинациясы, үйірме мүшесі: Султан Ә. 114 топ студенті. Жетекшісі: Бекмурзаева Д.Т.

«Микробтар әлемі» – «Тазалық жаршысы» номинациясы, үйірме мүшелері: Мажыра С. Қуанышқызы Қ. 219 топ группа студенттері. Жетекшісі: Аманбекова А.А.

«Алтын стетоскоп» – «Ғылыми белсенділік танытқаны үшін» номинациясы үйірме мүшесі Әмірбекқызы Н. 141 топ студенті. Жетекшісі: Махамбетқұл Л.М.

«Алтын құрсақ» «Шипалы алақан» номинациясы, үйірме мүшесі: Қайрат Т. 231 топ студенті. Жетекшісі: Парман А.М.

Алғыс хатпен марапатталғандар:

«Авиценна» үйірме мүшелері: Турабекова Д. Еркабаева Н. Каримова Р. Темірханқызы Т. Асанова И. 220 топ студенттері. Жетекшісі: Жумашов А.Б.

«Шипагер» үйірме мүшесі: Халидова Ж. 137 топ студенті. Жетекшісі: Сыдыман А.О.

«Ізденуші биолог» үйірме мүшесі: Маман Т. 105 топ студенті. Жетекшісі: Кобегенова Ә.Т.

«Занимательная грамматика» үйірме мүшесі: Тухабай А. 121 топ студенті. Жетекшісі: Алиева Р.

«Шамшырақ» үйірме мүшесі: Цой М. 106 топ студенті. Жетекшісі: Абдраймова Н.Ж.

«English in action» үйірме мүшесі: Оналбек Ж. 120 топ студенті. Жетекшісі: Кенбаева Н.М.

«Эврика» үйірме мүшесі: Нуритдинова С. 124 топ студенті. Жетекшісі: Токсанбаева Д.Н.





1 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

08.05.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде педагогикалық кеңестің кезекті отырысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. «Емдеу ісі» мамандығы бойынша «Акушерлік және гинекология» пәнінің оқытылуы мен білім сапасы.

Жауапты: бөлім меңгерушісі Махатова А.Б.

2. Студенттердің демалысын ұйымдастыру және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының сапасы

Жауапты: бөлім меңгерушісі Жапаркулова Ф.К.

3. №5 Қалалық емхана базасында тәжірибелік сабақтардың, өндірістік оқытудың, кәсіптік практиканың өту жағдайы мен білім сапасы.

Жауапты: бөлім меңгерушісі Дүйсенбаева Ұ.Е.

4. Әр түрлі сұрақтар.



2 | «ОБЛЫСТЫҢ ҮЗДІК МЕЙІРГЕРІ-2025» КӘСІБИ БАЙҚАУ



06.05.2025 ж. 12 мамыр – Халықаралық мейіргерлер күніне орай «Облыстың үздік мейіргері – 2025» атты кәсіби байқау Жамбыл жоғары медициналық колледж базасында өтті.

Байқаудың басты мақсаты – мейіргер мамандығының

кәсіби біліктілігі мен қоғамдағы мәртебесін көтеру, қызмет сапасын арттыру және халық денсаулығын нығайтуға үлес қосу.

Кәсіби додаға өңірдің әр аудандарынан 12 үміткер қатысып, өз білімдері мен тәжірибелерін ортаға салды.

Байқау төрт кезеңнен тұрды: алғашқы кезеңде қатысушылар өзіндік таныстыру мен үй тапсырмаларын ұсынды. Екінші кезең – блиц-турнир «Мейіргер ісіне кешенді көзқарас: алғашқы медициналық көмектен клиникалық жағдайларға дейін» тақырыбында, үшінші кезеңде теориялық білімдер сарапқа салынды. Төртінші кезеңде қатысушылар симуляциялық құралдарды пайдалана отырып, клиникалық станцияларда практикалық дағдыларын көрсетті.

Байқауды облыстық денсаулық сақтау басқарма басшысының м.а. Е.Т.Мусабаев құттықтау сөзімен бастады. Сайыскерлерге сәттілік тілей отыра мейіргерлердің денсаулық сақтау жүйесінде орнын ерекше атап өтті және осындай байқаулар білікті мамандардың беделін арттырып, салада сапалы қызмет көрсетуді дамытуға зор ықпал ететінін атады.



«Облыстың үздік мейіргері – 2025» кәсіби байқауының нәтижелері:

БАС-ЖҮЛДЕ: Астембекова Аружан Мақсатқызы, қабылдау бөлімінің мейіргері, «Қалалық көп бейінді ауруханасы және консультативтік-диагностикалық орталығы»;

«SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлердің салалық кәсіптік одағы Жамбыл облыстық филиалының тарапынан плазмалы теледидар; «Жамбыл облысы мейіргер ісі мамандары бірлестігі» ҚБ тарапынан біліктілігін арттыруға жолдама; жеңімпаз кубогы және «Французский дом» дүкенінен 15000 тг. сертификат.

I ОРЫН: Айдарова Гулфарида Орынбасаровна, реанимация бөлімінің мейіргері, «Жамбыл облыстық көп бейінді ауруханасы; «QazMed» Медицина және онымен, сабақтас салалар қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» РҚБ Жамбыл облысы бойынша филиалы тарапынан 200000 тг.; «Жамбыл облысы мейіргер ісі мамандары бірлестігі» ҚБ тарапынан біліктілігін арттыруға жолдама және «Французский дом» дүкенінен 15000 тг. сертификат.

II ОРЫН: Шанашкулова Акмарал Маратовна, дәрігерге дейінгі бөлме мейіргері, «№5 Қалалық емхана». Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлердің салалық кәсіптік одағы Жамбыл облыстық филиалының тарапынан тұрмыстық техника; «Жамбыл облысы мейіргер ісі мамандары бірлестігі» ҚБ тарапынан біліктілігін арттыруға жолдама және «Французский дом» дүкенінен 15000 тг. сертификат.

III ОРЫН: Елубай Айдана Асылжанқызы, жаңсақтау бөлімінің мейіргері, Жамбыл облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы; «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлердің салалық кәсіптік одағы Жамбыл облыстық филиалының тарапынан тұрмыстық техника; «Жамбыл облысы мейіргер ісі мамандары бірлестігі» ҚБ тарапынан біліктілігін арттыруға жолдама және «Французский дом» дүкенінен 15000 тг. сертификат.

III ОРЫН: Сыздықова Нәзира Әбіласанқызы, онко-хирургия бөлімінің мейіргері, «Жамбыл облыстық көп бейінді онкология және хирургия орталығы»; «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлердің салалық кәсіптік одағы Жамбыл облыстық филиалының тарапынан тұрмыстық техника; «Жамбыл облысы мейіргер ісі мамандары бірлестігі» ҚБ тарапынан біліктілігін арттыруға жолдама және «Французский дом» дүкенінен 15000 тг. сертификат.

Сондай-ақ бірнеше номинациялар бойынша үміткерлерді марапаттап, сертификаттар мен сыйлықтар табысталды.



3 | «МЕДБИКЕ-МЕРЕЙЛІ МАМАНДЫҚ» МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ



12.02.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Мейіргер ісі» бөлімінің студенттерімен Халықаралық мейіргерлер күніне арналған «Медбике – мерейлі мамандық» тақырыбында мерекелік құттықтау іс-шарасы өтті. Бұл іс-шара мейіргер ісі

мамандығының қоғамдағы маңыздылығын айқындап, студенттердің кәсіби рухын көтеру мақсатында ұйымдастырылды.

Мақсаты: 12 мамыр Халықаралық мейіргерлер күніне орай колледждің орта буын медицина қызметкерлерінің еңбектерін құрметтеу. Мейірім мен жанашырлықты серік еткен мейіргерлерге ыстық ықылас пен шексіз алғыс айту. Бұл күн – құрмет пен алғысқа бөленген, қай кезде болмасын әрдайым сенімділікті сақтайтын, шеберліктің асқан иесі ақ халатты абзал жандардың мерекесі. Жас пен кәріге көмек қолын созып, жанын қоярға жер таптырмай азаптаған ауруынан айықтырып, жанына дауа, тәніне шипа болардай ем беріп, сөзінің тәттісімен, көзінің жақсысымен науқастың өмірге құлшынысын арттырып отырған мейіргерлерімізге арналады.

Колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова құттықтап, кәсіподақ ұйымы атынан сыйлықтар табысталды.

Жауапты: «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі: Ескебекова З.С., топ кураторлары: Кудебаева Э.Ж. және Бахаева А.Д.

4 | КЕЗДЕСУ



13.04.2025ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Мейірім – мейіргердің қолында, шипа – жүрегінде» тақырыбындағы мейіргер саласының ардагерлерімен кездесу өтті. Кездесудің мақсаты: мейіргер мамандығының қоғамдағы

маңызын көрсету, олардың кәсіби біліктілігімен қатар, адамгершілік, жанашырлық, мейірімділік қасиеттерінің де басты рөл атқаратынын ұғындыру. Жас ұрпақты мейірімділікке, қамқорлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Медицина қызметкерлерінің еңбегіне құрметпен қарауға баулу. Кездесу қонақтары:

1. Кенжегулова Камшат Жамбылқызы, ЖШС «Аритмологиялық клиника», бас мейіргері.

2. Дембаева Зухра Махановна «Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының №1 арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығының» бас мейіргері.

Жауапты: психолог Мұхамодиева Н.Е.

5 | ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫ



15.05.2025ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде “Жас химик” үйірмесінің “Энергетикалық сусындардың және тұрмыстық химияның адамның жүйке жүйесіне әсері” тақырыбында ашық үйірме отырысы өтті.

Үйірме отырысының мақсаты: энергетикалық сусындардың адам ағзасына зиянды әсерін зерттеу. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде 1 курс студенттерінің арасында энергетикалық сусындарды тұтыну жиілігін анықтау. Студенттер өмірінде энергетикалық сусындардың қаншалықты орын алатынын сауалнама жүргізу арқылы анықтау. Зерттеу тәсілі: сауалнама, тәжірибе жүргізу. Салауатты өмір салты мен адам денсаулығы арасындағы байланыс жайында ғылыми көзқарасын қалыптастыру.

Жауапты: “Жас химик” үйірмесінің жетекшісі Бекмурзаева Д. Т. Қатысқан топтар “Жас химик” үйірме мүшелері.

6 | ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

20.05.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде “2025 жыл Жұмысшы мамандықтар жылына” орай Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» заңына сүйене отырып «Жоғары жүйке қызметі адам ағзасындағы күрделі психикалық іс-әрекеттер» тақырыбында үйірме жұмысының 2024-2025 оқу жылындағы қорытынды ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна ғылыми-тәжірибелік конференция студенттердің аналитикалық, болжамдық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту мақсатында өткізіліп жатқанын айтып, конференция қатысушыларына сәттілік тіледі.



Колледжде жалпы пәндер бойынша 21 үйірме жұмыс жасайды.

Конференцияға үйірме жетекшілері мен үйірме мүшелері үлкен дайындықпен келіп, жасаған экспонаттарын, зерттеу жұмыстарын, қолданған әдістерін шеберлікпен мәлімдеме жасап,

корғап шықты. Сараптама комиссиясының қорытындысы бойынша үздік зерттеу жұмыстары I, II, III дәрежелі дипломдармен, алғыс хаттармен марапатталды. Студенттік кәсіподақ ұйымы тарапынан конференция қатысушыларына сыйлықтар берілді.

